Бекітемін
№32 «Қуаныш»бөлабақшасының
меңгерушісі: Р.А. Лекерова

«Мен және менің дене мүшелерім!»

(қысқа мерзімді эксперимент)



Тәрбиешілер: Аяшбергенова Н.Х.

Ақтөбе қаласы 2024ж

Сканировано с CamScanner

Тақырыбы : «Мен және менің дене мүшелерім!»

Мақсаты: Балаларға өздерінің кім екені туралы түсіндіру. Балаларға адам денесінің толық мүшелерімен таныстыру. Дене мүшелерінің қандай қызмет ететіні туралы білімдерін кеңейту. Балаларға зерттеу арқылы ойлау қабілетін дамыту, бір-бірімен достық қарым-қатынас орнату. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзін жақсы көруге тәрбиелеу.

- **Шаттық шеңбер!**

Қайырлы таң атты,
Жарқыраған күн шықты.
Сәлем саған Күн ана!
Сәлем саған Жер ана!
Сәлем саған балабақша!
Сәлем саған достарым!
(үш тілде тәрбиешімен амандасу)
(балалармен мезгіл туралы әңгімелеу)

- **Сұрақ- жауап.**
  - **Жылдың қазір қай мезгілі?**
  - **Қыс мезгілінде ауа-райында қандай өзгерістер болады?**
  - **Қысқы ойындарды ата?**
  - **Қандай қыстап қалатын құстарды білесіңдер?**
  - **Құстарға қыс мезгілінде қалай көмектесе аламыз?**



Жұмбақ жасыру.
Жер бетіндегі ең күшті, әрі ақылды кім? (Балалар жауабы)
(әуенмен дәрігер қонаққа келеді)

Дәрігер: Сәлем балалар! Қалайсыңдар? (балалар жауабы).
-Балалар казіргі уақытта біздің қаламызда өте қатты микроптар (вирус) жүр. - Сендер содан өздеріңді қорғап жүрсіңдер? (балалар жауабы)
-Жарайсыңдар, олай болса сендер кімсіңдер? (балалар жауабы).
-Сол адамның дене мүшелерінің қандай жұмыс атқаратынын білесіңдерме және микроптардан қалай қорғанып жүрсіңдер? (балалар жауабы).

Тәрбиеші: Сәлеметсің бе дәрігер қош келдіңіз. Бүгін сіздің бізге келгеніңіз қандай жақсы болды. Себебі: Біз бүгін дәл осы жағдайға байланысты өзіміздің кім екенімізді және дене мүшелеріміздің қызметтерімен танысатын боламыз. Дәрігер сізде бізбен бірге болыңыз.

(түске байланыс төрт топқа бөліну)



1) **Тапсырма: «Адам денесін (сұлбасын) құрастыру»**
(шарты балалардың барлығы адамның денесін картоннан және мақта таяқшалар арқылы құрастыралы).

Сканировано с CamScanner

2) **Тапсырма: «Дұрыс тыныс алу жаттығуы»**
(шарты: Балалар түтікше көмегімен өкпе арқылы дұрыс тыныс алуды зерттейді)



Ойын: «Тамақтану»
Ойын шарты: Балалар екі топқа бөлініп баклашканың ішінен жемістерді өткізіп берілген нысанапы толтырып адам ағзасындағы қозғалысты бақылайды. **(балалардың қимыл)**



«Ғажайып сәт»
3)«Менің жүрегім» (шарты: балаларға жүрек жұмысын көрсету)



4)«Сиқырлы қолым»
(шарты: балалардың барлығы берілген тапсырманы тиісті дөңгелектер арасынан жіп өткізіп саусақ қимылының қозғалысын бақылайды)

Тәрбиеші: Дәрігер сізге достарыңның бүгінгі бақылау жұмысы ұнадыма және достарың бәрін біледіме?

Дәрігер: Жарайсыңдар достарым! Сендер өте ақылды, білімді екенсіңдер. Достар денсаулықтарың мықты болу үшін пайдалы тамақ ішіп дәрумендер көбірек жеп өздеріңді микроптардан қорғап жүріңдер. Рахмет сендерге мен тағыда достарыма көмекке баруым керек. Сау болыңдар.

Балаларды марапаттау.







Сканировано с CamScanner













Сканировано с CamScanner